

МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ





Мен болашақта дәрігер болғым келеді. Мен адамдарды емдеп, қоғамға пайдалы іспен айналысқым келеді. Бұл арманды жүзеге асыру үшін қолымнан келгенінің барлығын істеймін.

Анвар Альмина





Болашақта мен әйгілі спортшы болғым келеді. Спорт мені әйгілі ғана етіп қоймай, менің денсаулығыма да септігін тигізеді. Спортшы болумен қатар, мен банкир де болғым келеді. Спорт менің хоббиым ретінде болса, банкирлық менің мамандығым болады.

Андасов Малик






Болашақта мен өз мектебімде мұғалім болғым келеді. Бұлай шешкен себебім- мектептегі балалардың білім сапасының көрсеткішін үлкейтуді мақсат етіп қойдым. Мақсатымды жүзеге асырып, мектебімді үздіктердің қатарына қосамын деген үміттемін.

Аринов Әділет





Мен болашақта ішкі орган қызметкері болғым келеді. Елдегі тәртіпті қадағалап, елімнің адал азаматы болатына кәміл сенемін. Бұл арманымды жүзеге асыру мақсатында көп жұмыс жасаймын.

Аяганов Наурызбек





Мен болашақта боксёр болғым келеді.
Ол үшін мен әр түрлі жарыстарға
қатысып , тек қана бірінші орын
алуым керек. Мен бұл арманымды
жүзеге асыру үшін бәріне дайынмын.

Бейсенғазин Темірлан





Мен болашақта дәрігер болғым келеді.
Сырқаттарды емдеймін. Елімнің
халқының денсаулығы мықты
болғанын қалаймын. Менің ойымша,
ең жақсы мамандық- ақ халатты абзал
жандардың жұмысы.

Дакаримова Малика





Болашақта мен әскери мамандыққа
барғым келеді. Отан алдындағы
борышымды өтеп, елімді қорғаймын.

Ерсаинов Әмір





Мен болашақта психолог немесе стилист мамандықтарын таңдайтын едім. Алайда, стилист болу менің кіші кезімнен арманым. Сән колледжіне түсіп, жаңа стильдегі киім үлгілерін ойлап табу менің алға қойған мақсатым болып табылады.

Ерікпай Жанна





Болашақта мен әскери мамандық қызметінде жұмыс істегім келеді. Мектепті бітірген соң, Б.Бейсенов атындағы МВД Заң академиясы институтына оқуға түсемін.

Жоламанова Анеля





Мен болашақта мемлекеттік мекемеде жұмыс істегім келеді. Мысалы: әкімшілікте немесе аудармашы қызметін атқарғым келеді. Және мектепті тәмамдаған соң, Қарағанды Мемлекеттік Техникалық университетіне түсемін деген ойдамын.

Жолшорина Амина





Мен болашақта химик болғым келеді.
Бұл мамандықты таңдауымның
себебі- түрлі реакциялар мені өте
қызықтырады. Мектеп бітірген соң,
Астана қаласындағы Евразия Ұлттық
университетіне ақылы бөлімге оқуға
түскім келеді.

Исаков Диас





Менің болашақтағы мамандығым –
банкир. Банкте қызмет атқарғым келеді.
Өзім өте экономикаға қызығамын. Әр
түрлі елдердің валюталары, ақша
айналымдары туралы ақпараттар мен
үшін өте қызықты болып табылады.

Кенжегулов Жарас





Мен болашақта аудармашы болғым келеді. Үш тілді меңгеріп, Алматыға КИМЭП немесе Евразийскийға оқуға барғым келеді. Болашақта өзімді шетелде аудармашы қызметінде көремін.

Қожамжарова Аружан





Мен болашақта адвокат болғым келеді. Мен адамдардың құқығын қорғағым келеді. Елімізде әділдік орнағанын қалаймын. Және бұл мақсатты жүзеге асыру мақсатында көп еңбектенуге дайынмын.

Коканова Аида





Мен болашақта адвокат болғым келеді. Адамдардың құқығын қорғап, елде әділдік орнатамын деген мақсатты алдыма қойдым.

Қайр Айбөбек





Мен болашақта дәрігер болғым келеді. Ақ халатты абзал жан болу менің арманым. Және бұл арманды жүзеге асырудың бірінші қадамын – Қарағанды Мемлекеттік медицина университетіне түсуден бастаймын.

Қайрат Назира





Мен болашқта дәрігер болғым келеді.
Ауырған адамдарды емдегім келеді. 9-
сыныпты аяқтаған соң, медицина
колледжіне түсіп, атақты дәрігер болу —
менің арманым.

Қарыжан Айнұр





Мен болашақта визажист болғым келеді. 9-сыныпты бітірген соң, колледжге оқуға түсемін. Маған ол мамандық өте ұнайды.

Матекева Жайна





Мен 8-сыныптан кейін “Арыстан” әскери мектебіне оқуға түсемін. Оны сәтті аяқтап, ҰҚК әскери училищесіне түсемін. Содан кейін әскери мамандық иесі болғым келеді. Қазақстанға еңбегі сіңген азамат болғым келеді.

Муратов Қанат





Мен болашақта футболлист болғым келеді. Себебі: мен әкемнің мақтанышы болғым келеді. Және де мені барлық әлем танитын мықты футболлист болғанымды қалаймын.

Умиргали Диас

